

Ғ.З.Қожахметов, А.Т.Отарбаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: AseI\_Otarbaeva.t@mail.ru)*

### Заңшығару билігінің бастаулары

Мақала заң шығару билігінің мемлекет және құқық туралы ілімдер тарихындағы ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі бастауларын, құқық идеяларының қалыптасуын, заң және әділеттілік, заң және құқық түсініктерінің арақатынасын зерттеуге арналды. Авторлар салыстырмалы түрде әр түрлі елдер мен Қазақстан дамуының қазіргі кезеңіндегі заңшығару билігінің қалыптасуы мен дамуының кейбір мәселелерін (тәртібі, шарты және қызмет етуін) қарастырды. Жаңа көзқарастар тұрғысынан заң шығару билігінің барынша маңызды қоғамдық қатынастарды реттеудегі ролі мен маңызы айшықталды. Заң ұғымын қоғамдық өмірді құқықтық ұйымдастыру құралы ретінде қарастырудың, заң түрлерінің және қоғамдық дамудың көптеген факторларының заманауи заңнама сипатына әсер етуінің даулы мәселелері ашылды.

*Кілт сөздер:* билік, мемлекеттік билік, заң шығару, мемлекеттік ерік, заңдар, құқықтық заңдар, заңнама.

Заңшығару билігінің қайнар көздері — формалды және мәндік тұрғыдан қарастыруды қажет ететін мәселе. Формалды түрде заңшығару билігінің қайнар көзі ретінде ерік иесі танылады. Заң әдебиетінде заңшығару билігінің қайнар көзі ретінде тікелей халықты немесе монархты қарастырады. Халық түптамыр ретінде қарастырылатын мемлекеттерде демократиялық дәстүрлер дамыса, монарх ие ретінде көрсетілетін мемлекеттерде монархиялық дәстүр орын алады. Кейде аталған қайнар көздердің ұштаса әрекеттесуі де байқалады [1].

Халық қандай да болмасын биліктің қайнар көзі ретінде танылады, соның ішінде биліктің бір тармағы ретіндегі заңшығару билігінің де қайнар көзі болуда.

Заңшығару билігінің қайнар көздерін мазмұндық сипаттаудың бірі оны тану мәселесіне келіп тіреледі. Басқаша айтқанда, не себепті заңшығару билігі болуы керек және неліктен оның талаптарын өзгелер — жеке тұлғалар мен ұйымдар орындауы қажет деген сұраққа жауап іздейміз.

Билік қайнар көзі ретінде жағдай танылады, ол биліктің қайдан нәр алатындығын көрсетеді. Ал билік институты материалданған, формалды ресми құрылым. Кейде қайнар көз мәселесі мен нысанды аралас қарастыру байқалады. Олар, әрине, өзара байланысты, бірақ біртұтас ұғым емес. Заңшығару билігі өзіндік нысандарға ие, соған байланысты олардың қайнар көздерін анықтау қажет.

Дәстүрлі көзқараста Қазақстан халқының күрделі әлеуметтік ұйымдастырылуын есепке ала отырып, тұрғындардың ұлттық, діни, мүліктік, страттық, кейде тіпті таптық және өзге де өлшемдерімен санаса отырып, заңшығару билігінің қайнар көздері ретінде келісімді, бірігуді тану туралы айтылатын ойдың заңдылығымен келісу қажет [2].

Тұрғындардың тікелей ерік білдіруі арқылы көрінетін, қоғамдық ұйымдардан — ассамблея, форум, съезд, одақтардан, саяси институттардан — партиялардан, қозғалыстардан, мемлекет органдары актілерінен көрінетін ұлтаралық, стратаралық, конфессияаралық келісім заңшығару билігінің қайнар көзі деп саналады.

Заңшығару билігі және оның қайнар көздері тақырыбы мемлекеттік реттеу мен қазіргі Қазақстандағы заңдық база мен заңдық реттеудің құқықтық шектеріне ерекше маңыз берілетіндігімен тығыз байланысты. Мемлекеттік реттеудің бір бөлігі заңшығару билігі болып табылатын билік институты көмегімен жүзеге асырылады. Заңшығару билігінің ерік білдіруінің негізгі нысаны заң – қатынастарды реттеуші құбылыс, практикалық жағдайға зияткерлік, тиімді қосымша, осыған сай жағдайдың өзгеруі орын алады. Заңшығару билігі әр түрлі қоғамға маңызды қатынастарды жүзеге асырудың тәртібін, барысын және шартын тағайындайды. Заңшығару билігі заң көмегімен атқару билігімен жүзеге асырылатын биліктік қатынасқа жата тұрып, осы қатынастың іске асырылуының тәртібі мен шартын анықтайды.

Заңдық реттеу мүмкіндіктері туралы мәселені қарастыру екі тұрғыдан жүргізіледі: басқармашылық және институционалдық. Олар қоғамдық ойдың және соған сәйкес практиканың дамуының бағыттарына сәйкес келеді. Басқармашылық бағыт әлеуметтік үрдістерді түбегейлі реттеуге болатын, оларды жеткілікті дәрежеде ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілсе, жеткілікті деп

санауға негізделеді. Бұл бағыт тұтас қоғам мен оның бөлшектерінің өмірін жаппай ұйымдастыру және басқару мүмкіндігін негіздейді. Онда заңдарға биліктік өкілеттіліктерді жеткізудің құралының, тәсілінің бірі ретіндегі маңызды орын беріледі. Бірақ осыдан билік органдарының барлық әрекетіне бұйрық ретінде қарау, яғни, одан бас тарту қатаң түрде жазаланатын келеңсіз жағдай қалыптасады [3].

Аталған бағыт бұрынғы кеңестік заң әдебиетінде барынша кең таралып, қарастырылған еді. Онда заңдарға басымдылық берілгені, заң үстемдігін танығаны рас, бірақ заңдар сол қоғамның мәдениетінің шартсыз көрінісі және онда қалыптасқан құқықтық нормалардың бейнесі ретінде қаралмады. Заңдарға кеңестік қоғамды коммунистік бағытта дамытатын, жанартатын құрал ретінде баға беру орын алды. Заңдар және өзге актілер мәні бойынша бұйрықтың нысаны ретінде ғана қарастырылды. Оларды орындау актілердің заңдық күшіне байланысты емес, оны қабылдаған органның, бастықтың шынайы күшіне байланысты қарастырылды. Бұл көзқарас тоталитарлық жүйедегі заңдардың өмір сүру ерекшеліктерін көрсететін құбылыс екені бүгінде танымал. Сондықтан да, басқармашылық бағытта қалып, қоғамдағы өзгерістердің жалғыз тірегі ретінде заңшығаруды ғана қарастыру дұрыс емес. Өйткені заңдардың мазмұны саяси, таптық, ұлттық және өзге күштердің арақатынасымен, жоғарғы басшылардың, парламентарийлердің білімділік дәрежесімен және белгілі бір идеалдарға бой сұну дәрежесімен анықталады.

Институционалдық көзқарас либералды-демократиялық идеяларды ұстанатын елдердің — АҚШ, Франция, Германия тәжірибесінде іске асқан. Қазіргі қоғамда басқармашылық бағыттың дағдарысқа ұшырауына байланысты қазақстандық қоғамның болашақ қажетті құрылымы мәселесі жан-жақты қарастырылып отырған кезеңде ескі жүйе демократияландырудың нәтижесінде қозғалысқа келіп, өзгере бастаған тұста, бостандыққа ие болған теоретикалық және практикалық ой-қуат жаңа бағытта құқық үстемдігі, құқықтық мемлекет қалыптастыру бағытында дами бастады. Құқық үстемдігі, құқықтық мемлекет қалыптастыру идеялары қоғам өмірінде маңызды стратегиялық құжаттарда бейнеленді. Оның алғашқы қарлығашы ретінде «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егеменділігі туралы» Декларацияны атауға болады.

Заң әдебиеті, әсіресе басылымдық әдебиет, бұл мәселені «құқықтық» немесе «құқықтық емес» заңдарды, «билікті бөлісу», заңшығару билігінің ролі және маңызы мәселелерін талдау дәрежесіне ауыстырып жіберді. «Құқықтық емес» заңдар ұғымы дұрыс емес тәрізді, себебі ол заң ұғымын өмірді құқықтық ұйымдастыру құралы ретінде емес, басқа мағынада қарастыруға мүмкіндік береді. Социалистік құқықта заңдар партия, тап еркін жүзеге асырудың құралы ретінде қолданылды, сөйтіп оның құқықтық мазмұны жойылды. Сондықтан да кеңестік қоғамда заң, декрет, жарлық, нұсқау немесе бұйрықтардың арасындағы айырмашылық болмауы осыған байланысты. Құқықтық емес қоғамда құқықтық заңдарға орын жоқ.

Қоғамда қалыптасқан ереже, тағайындалымдарға, дәстүрлерге сүйенетін заңдар да құқықтық деп саналмайды. Заңдардың бұл типі өз негізінде қоғамдық санада және қоғамның өмір сүру бейнесінде тамырланған әрекет етудің дәстүрлі, әдеттік, діни бейнелеріне сүйенеді. Әрине, әдет-ғұрыптың, дәстүрдің, діни нормалардың өмір сүруінің нысаны болып табылатын заңдардың болуы мүмкін, бірақ олар құқық идеясынан басқа идеяларды қарастырады. Сондай-ақ атқару билігі мен әкімшілік құрылымында қабылданатын актілер де заң болып саналмайды. Олар жедел-жарлық ету сипатында болады. Олардың келесі бір ерекшелігі, олар тиістілік талаптарын көздейді, нақты әрекеттерге, заттарға, жағдайларға сілтейді.

Құқықтық заңдар, дұрысы, ұйымдастырылуы құқық идеясына бағынатын қоғамда қабылданатын заңдар өзге актілерден ерекшелендіретін белгілі бір қасиеттерге ие. Құқықтық қоғамда заңдар адамдардың өзара әрекеттестігінің шынайы кеңістіктегі, әлеуметтік мағынадағы тұрақтылығын емес, сана тұрақтылығының шартын қалыптастыруды мақсат етеді. Заң тірегі болып халықтың, ұлттың, өзге әлеуметтік қауымдастықтың адамгершілігі, рухы, менталитеті саналады. Сондықтан да заң шартсыз болып табылады, табиғи жолмен, өз ретімен орындалады. Бұндай заңдар адам өмірінің, күнделікті тұрмыс-тіршілігінің мәндік сипатын арылтады. Құқықтық заңдардың мәні олар бағытталған адамдарға белгісіз болуы да мүмкін, бірақ адамдар олардың табиғилығына байланысты өздігінше орындай береді, анықтайды.

Қазақстандық заңшығарудың тағы бір ерекшелігін атап өтуге болады: дамыған батыстық мемлекеттерде заң мемлекет пен саяси институттардың, азаматтардың кең дәрежедегі қатысуымен өзара әрекеттестіктің нәтижесінде қалыптасады және саяси институттар заңшығару құқығын мемлекетке ұсына отырып, оның легитимділігін, заңдылығын үнемі бекітіп отыратын болса, Қазақстанда легизм (заңдылық), немесе мемлекеттің, сөзсіз, легитимділігі, танылған. Бұндай

ерекшеліктің болуы саяси институттардың жеткілікті дамымағандығымен әлеуметтік мінез-құлықтың және қабылданған әлеуметтік рольдер жүйесінің дәстүрлі нормаланғандығымен түсіндіріледі.

Құқық идеясы адамдардың құндылықтарының әр түрлілігін, бірдей еместігін есепке ала отырып, қалыптасқан. Адам әрекетінен көрініп тұратын олардың ішкі мазмұнын, моральдік принциптерін және тағайындауларын назарға ала отырып, құқықтық заң қоғамдастықтың тұтастығына жету мүмкіндігі идеясына құрылады. Олар өмірдің «дұрыс» нысанын бағалауға бағытталмайды, әр түрлі нормалар мен құндылықтардың қатар өмір сүруіне жағдай жасайды. Егер заң басқару құралы ретінде қолданылса, яғни «барынша дұрыс» идея, құндылық, норма, идеал тағайындау құралы ретінде болса, ол құқықтық қасиетінен айырылады [4].

Құқықтық заңдар әртектес өмір бейнелерінің әлеуметтік қасиеттерінің сипатына қарамастан, ұлттық, діни, мүліктік, таптық ауызбіршілікті, теңдікті қамтамасыз етеді. Заңдарды орындау табиғи, өздігінше орын алса, олардан бас тарту кездейсоқ болатын құбылысқа айналады. Егер құқықтық емес құрылымдарда заңдарды жүзеге асырудың күзетшісі ретінде мәжбүр ету, жазалау аппараты тұратын болса, құқықтық заңдар адамдардың терең ішкі бағалаулары тұрғысынан мүмкін болатын жағдайларға бағытталады. Заң бұл жағдайда берілген қоғамның құқықтық деп танылатын мүмкін болатын және типтік жағдайларының жинағын енгізуге құрылады, болуы тиісті жағдайларды тағайындайтын тікелей биліктік әрекеттерді жүзеге асырудан бас тартады.

Құқықтық заңдар адамдардың өмірлік жолдарының мәні мен бағытын анықтайтын шынайы үрдістердің көрініс табуы мен бекітілуіне мүмкіндік береді. Әрекеттегі қалыптасқан қатынастарды формалды бекітуге немесе қатынастардың, оларды детерминдеуші факторларды есепке ала отырып, құрылымын өзгертуге мүмкіндік жасайды. Соңғы нысанда заңдар қоғамдық үрдістердің өзгеру бағытын анықтайтын саясаткерлер мен құқықтанушылардың бірлескен әрекеттестігінің күшімен заңдастырылуы қажет. Себебі осы жерде заңшығарудың заңдарды орындамауға апарып соғатын қателіктері қылаң беріп қалуы мүмкін. Осы тұрғыдан заңнама әлеуметтік қайта құрылу тәжірибесінің есебінен пайда болған қауымдастық өмірінің негізінде жататын құндылық ретінде қалыптасқан бөлу мен ұжымдықтың құрылымын бекітуге мүмкіндігі бар. Соның ішінде осындай үрдіс тәуелсіз Қазақстанға да тән. Ол қоғамдық прогреске жету жолында кездесетін қиындықтардың бетін ашып, олардың алдын алу жолында. Қазіргі таңда кәсіпкерлік қуатқа сүйенетін шаруашылық жүргізудің өзіндік экономикалық тәсілін қалыптастыру үрдісімен, шынайы демократиялық құндылықтар мен нормаларды бекітумен, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етумен анықталады. Бұл үрдіс заңшығарушылардан шынайы тарихи жауапкершілікті талап етеді.

Заң құқықтық кеңістік ішіндегі қорғаушы және реттеуші құрал ретінде көрінеді. Заң белгілі бір өзіндік құндылық пен дербестікке ие: біріншіден, құқықтық кеңістікті анықтайды және бекітеді, екіншіден, белгілі бір шиеленіс барысында бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді қамтамасыз етеді. Бұндай сипаттарға заң құқықтық мән мен шығу тегіне ие болған жағдайда ғана жетеді. Заңның құқықтық мазмұны заң қабылдайтын субъектінің (органның немесе жеке тұлғаның) легитимдігі мен заң қабылдау рәсіміне байланысты. Легитимдік әр түрлі субъектілердің саяси еркін келістіретін азаматтық қоғаммен және құқық принциптерімен, басынан бастап барлығына берілетін және барлығымен танылатын адам құқығы идеясымен анықталады. Онсыз заң құқықтық болмайды, яғни қуатты құрал бола тұра, құқықты қолдаудың орнына, белгілі бір топтың мүддесіне қызмет ету құралына айналады.

Заң ретінде заңшығарушы орган қабылдаған барлық конструкциялар саналмайды, оның ішінде жалпы сипатта болатын, яғни қоғамдық қатынастардың барлық аймағын қамтитын бөлігі ғана заң деп есептеледі. Бұндай қатынастардың субъектілері басынан бастап тең құқылы болып табылады.

Занды субъектілердің қатынасын реттеу (өзгерту) құралы ретінде тануға ықпал ететін үш белгісі бар:

- қатынастар аймағына байланысты жалпылығы. Заң жалпы жалпылық сипатта емес, ол тек өзіне бағынатын оқиғаларға байланысты;
- реттелуші қатынастардың субъектілерінің теңдігі;
- заңның формалды өкілеттіліктерге ие субъектілермен (органдармен) қабылдануы. Заң қабылдаушы субъект қалыптасқан қоғамдық қатынастарды белгілі бір аяда өзгертуге мүдделі.

Қоғамдық үрдістерді реттеуге бағытталу, олардың әрі қарай даму бағыттарын анықтау заң шығарушыларға белгілі бір дәрежедегі талаптар жүктейді. Талаптар өтіп жатқан қоғамдық үрдістердің мәнін түсіну және белгілі бір әлеуметтік-мәдени, тарихи өзін-өзі анықтаудың болуымен сипатталады. Заң белгілі бір дәрежеде заңшығарушылардың әрекетінің нәтижесі болып табылады,

себебі парламентарийлердің түсінігінің деңгейін, шекарасын және шектерін бейнелейді. Түсінік қолданбалы және стратегиялық зерттеулерге, концептуалды жұмыстарға, талдауға, сұрауға, сараптамаға, кеңес алуға және өзге де қоғамда болып жатқан құбылыстардың мәндік сипатын анықтауға мүмкіндік беретін үрдістерге сүйенуге тиісті, сонда заң мазмұны дұрыс әрі тиімді анықталады [5].

Заңшығарушының әлеуметтік-мәдени және тарихи анықталуы құқық идеясымен, яғни, құқықтық қоғам қалыптастыруға ықпал ету бағытымен байланысты болуы мүмкін. Егер оның қоғамдық үрдістерді бағалауы дұрыс емес болса және теңдік, әділеттілік, әр түрлі құндылықтар мен тағайындауларды жүзеге асыру үшін жағдай жасау тәріздес құқықтық принциптерді есепке алмай әрекет ететін болса, бұндай заңшығару органы ерте ме, кеш пе, міндетті түрде легитимсіз (заңсыз) деп танылады.

Қоғамдық үрдістер әсер етудің еріксіз объектілері емес, олар белгілі бір мерзімі ішінде құзыретсіз, бассыз әрекеттерге өзіндік қарсылығын көрсетеді. Заң қабылдау барысында осы реакцияның күші мен сипаты да есепке алынуы керек.

Сонымен, заңшығару билігі мен қабылданатын конструкциялар заң деп саналатын және бұндай заңдар қоғамдық қатынастарды реттеуге мүмкіндік алатын үш формалды және бір мазмұндық шарт бар екен. Осыған сәйкес заңшығару билігінің қайнар көздері ретінде мыналар танылады:

- нақты аймақтағы қоғамдық үрдістердің объективті, келелі сипаты;
- әлеуметтік-мәдени және тарихи өзін-өзі анықтау және заңшығару билігін жүзеге асыратын субъектінің еркі;
- заң қабылдаудағы құқық қабылдаушылық дәстүрі, заңшығару нысаны мен саясатының отпелілігі.

Бірінші қайнар көз белгілі бір қоғамдық қатынастардың жалпы әлеуметтік-мәдени кеңістіктен «бөлініп қалуымен» және оны реттеу (өзгерту, жаңарту) күштарлығымен сипатталады. Өмірлік жағдайдың осы бір таңдаулы бөлігі заңшығарушының еркіне, тәуелсіздікке ие. Осы шындықтың объективті сипаты заңшығарудың қайнар көзінің бірі болады.

Қоғамдық үрдістердің мазмұны белгілі бір зерттеулерге байланысты анықталады. Зерттеу және соған байланысты реттеу келесі сатыларды қамтиды:

- бірінші — құқықтық (заңдық) реттеу аясын (пәнін) суреттеу;
- екінші — заңшығарушыны реттеуге итермелейтін кейбір оқиғалардың жасалынуы және көрініс табуы, бұл жерде заңшығарушының өзі осы оқиғалардың тікелей немесе жанама қатысушысы екендігін естен шығармау керек;

– үшінші — реттеу кеңістігінің үйлесімділігі, яғни реттеу пәнінің элементтерін жағдайды өзгертуге қажетті тәртіпте суреттеу. Егер бірінші және екінші сатыдағы үрдістер реттеу аймағын анықтауға мүмкіндік беретін болса, үшінші саты өзгеру міндеттеріне сай осы аймақтың компоненттерін, элементтерін қайта топтастыру әрекеттерін біріктіреді;

– төртінші саты заңдық конструкциялар құрумен және оларды енгізу салдарын талдаумен байланысты. Басқаша айтқанда, реттеу пәнін анықтап алып және одан қажетті элементтерді ажыратып, олардың өзара әрекеттесу сипатын тағайындап, заңшығарушының осы кеңістіктегі орнын белгілеп таңдалған аймақты өзгерту мақсатында өзгеру, соның есебінен жүретін элементті құрастыру қажет. Бұл элемент құқық нормасы, оны заң мәтініне және кеңістікке енгізу керек. Ары қарай заңшығару билігінің әрекетіне дейін болмаған элемент пайда болған кезде кеңістікте қандай өзгерістер болатындығын модельдеуге тырысу қажет;

– заңдық реттеудің бесінші сатысы — жүзеге асыру актілерін жасауды және саясатты қалыптастыруы қажет. Бұл сатыда заңда көрініс тапқан құқықтық нормаларды жүзеге асыру және жаңа қатынастардың пайда болуы немесе қолданыстағы қатынастарды өзгерту орын алады.

Заңшығару билігінің екінші қайнар көзі әлеуметтік-мәдени және тарихи өзін-өзі анықтау және билік құрушы субъектінің еркі болып табылады. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанда бұл заңшығару билігі органдарының өздерінің Қазақстанды тәуелсіз, дербес мемлекеттік субъект ретінде қалыптастыру бойынша тарихи миссияларын, жаңа типтегі мемлекеттілік қалыптастыру барысындағы, демократиялық қоғамның және құқықтық мемлекеттіліктің конституциялық қағидаларын бекітудегі және нарықтық экономикалық шаруашылық жүргізудегі өзінің маңызын терең сезініп, түсінуі қажеттігін білдіреді [6].

Қазақстандық қоғамның өмір сүруінің экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани аяларындағы әр түрлі өзгеру үрдістеріне жалпы көз жүгіртудің өзі олардың барлығының мемлекеттік реттеу шартымен өтіп жатқандығын байқауға болады. Бұл әсіресе қазіргі кезеңде өзгерістердің барысы қарқын алған тұста айқын көрінеді. Біздің ойымызша, Қазақстанның мемлекеттік өзін-өзі анықтауын қалыптастыруды анықтайтын негізгі факторларға мыналарды жатқызуға болады:

– сыртқы факторлар, яғни дүниежүзіндегі жалпы жағдай. Ол ешқандай да мемлекеттің халықаралық-құқықтық реттеумен анықталған тәртіппен қалыптаса қоймағандығымен сипатталады. Ешқандай мемлекет дүниежүзілік қауымдастықпен танылған жалпы адамзаттық құндылықтарды аяққа баса алмайды. Қазақстан Республикасының халқы да осы қауымдастықтың өкілі болғандықтан, оның қағидаларына сәйкес әрекет етеді;

– идеологиялық факторлар, ол Қазақстанның жаңаруының мақсаттарын айқындайды. Өзекті мақсаттар қатарында демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құру, либерализм, дәстүрлік және дамудың өзіндік жолы идеялары танылады;

– ішкі әлеуметтік-экономикалық, мәдени факторлар, ол ескі құрылымдардың жойылып, орнына жаңа заман талабына сай құрылымдардың келуін теңдестіріп отыруды, елдің өмір сүруін қамтамасыз етуді талап етеді.

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдай және оны мемлекеттік субъектісі ретінде қалыптастыру үрдісі мыналардан көрінеді:

- қазақстандық патриотизмді мемлекеттілік қағидасы ретінде ұсыну;
- өзіндік мемлекеттік идеологияны жариялау, оның өзегінде бірігу, қоғамдық прогресс, әлеуметтік серіктестік болуы қажет;
- геосаяси акцент берілген өзіндік сыртқы саясаттың болуы;
- заңдық реттеуді өзіндік түсіну;
- өзіндік институттармен қамтамасыз етілген экономикалық бағдарламалардың болуы;
- өзіндік жазба тарихтың, білімділік саясатын, мемлекеттік қызметкерлерді дайындау құрылымын қалыптастыру.

Сонымен, Қазақстандағы заңнаманың сипатына мыналар жатады:

1) заңнама қоғамдық қатынастарды қорғау шектерін және күштеу құрылымдарын қолдануды анықтайды;

2) ірі құрылымдардың әрекет ету аймағының бостандығы шектерін реттейді, оларды мемлекеттің төңірегінде ұстауға күш салады;

3) мемлекет пен ірі құрылымдардың арасында шешім қабылдау барысындағы келісім ережелерін тағайындайды;

4) мемлекет пен ұсақ құрылымдардың арасындағы әрекеттестіктің ережелерін және ұсақ құрылымдардың өзара әрекеттестігінің тәртібін анықтайды.

Қазақстандағы заң шығару билігінің өзін-өзі анықтауын қалыптастыру ерекшелігі дамыған саяси институттардың болмауы жағдайында әр түрлі қоғамдық мүдделерді есепке алу мен бір жүйеге енгізудің нысандарын тауып, негізгі қайнар көзі және бастаушысы мемлекет болып табылатын әрекеттер түріне енгізуден көрінеді. Бұл тұста, әрине, мемлекеттің өкілдік тетігін енгізуі, мемлекеттік идеология мен функцияға ықпал ету арқылы өзін-өзі шектеуі қажет. Азиаттық елдер үшін білім мен мәдениеттің мемлекеттік құрылымдарға ықпалы тетігі өкілдіктен маңыздылығы жағынан кем түспейді. Заңдық реттеуде өзін-өзі анықтаудың бұл факторы мыналарда көрініс табады:

– мемлекет пен ірі құрылымдардың арасында шешімдер бойынша келісімге келу барысында қоғамдық мүддені есепке алудан көрінеді. Қоғамдық мүдделерді анықтаудың тұрақты әрекет ететін тетіктер, оларды анықтаушы және қалыптастырушы әлеуметтік институттар қажет;

– ірі құрылымдардың әрекетін реттеу саясатын анықтау барысында керек;

– мемлекет пен әр түрлі құрылымдардың, азаматтардың арасындағы әрекеттестіктің ережелерін анықтау барысында оның тек мемлекетке ғана пайдалы емес, жалпы қоғамға тиімділігін қалыптастыру қажет.

Мемлекеттің ұлттық сипаты құқықта реттеулі түрде формалды құқық (заң нормаларында көрініс тапқан) пен рухта, дәстүр мен мәдениетте анықталған құқықтың бөлігі мен арақатынасында көрініс табады. Айырмашылық құқықтық қатынас деңгейінде жүзеге асырылады: бір бөлігі заңмен реттеледі де, екінші бөлігі құқықтық сананың қарауына қалдырылады. Құқықтық сана мен жазба құқықтың, «рух» пен «әріптің» ара-жігін толықтыру өзара құрметтеудің, өзара түсіністіктің, өзара келісімнің қағидаларына сүйенеді. Себебі мәдениетте бар құбылыстардың барлығы бірдей формалды заң түріне айналдырылуы мүмкін емес.

Заңшығару билігінің келесі қайнар көзі заңшығару нысанының және саясатының құқықтық сабақтастығы болып табылады. Заңдық реттеудегі құқық сабақтастығы қалыптасқан тәжірибеге сүйене отырып, қоғамдық өмірдің құбылыстарын бағалаудан, саясатты қалыптастырудан көрінеді. Қазақстандық мемлекеттіліктің институттары қалыптастырылу және заңдық бекітілу дәрежесінен өтуде. Заңдық реттеудегі құқық сабақтастығы заңшығару органдары қабылдайтын актілердің заң деп аталуынан, романо-германдық құқықтық жүйенің ұстанымдарын қолданудан, нормативтік актілерді жариялау мен қолданысқа енгізу тәртібінің сақталуынан және тағы басқалардан көрінеді.

Заңшығару нысандары мен саясатының құқық сабақтастығы белгілі бір дәрежедегі тұрақтылық пен заң шығару билігінің легитимділігін қамтамасыз етеді. Қатынастардың белгілі бір аймағын реттейтін заңдардың болуы және оларды жүзеге асыру тәжірибесі әлеуметтік-мәдени жағдайды өзгертуге ықпал етеді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Парламент — Қазақстанның заңшығару билігі / Жауапты ред. А.А. Таранов. — Алматы: Жеті жарғы, 1995. — 5-б.
- 2 Әбділдин С. Қазақстан парламенті: одақтан ордалы елге бет түзеп... — Алматы: Қазақстан, 1993. — 65-б.
- 3 Зиманов С.З. Конституция и парламент Республики Казахстан. — Алматы: Жеті жарғы, 1996. — С. 31.
- 4 Мухамеджанов Э.Б. Парламент Республики Казахстан и законодательные органы зарубежных стран (общие вопросы). — Алматы: Баспа, 1997. — С. 56.
- 5 Саиров Е. Особенности казахстанских и российских парламентских выборов 1999 года // Евразийское сообщество. — 2000. — № 4. — С. 34.
- 6 Абдыкаримов О. Развитие парламентаризма — развитие демократии // Юридическая газета. — 2012. — № 15. — С. 3.

Г.З.Кожаметов, А.Т.Отарбаева

#### Истоки законодательной власти

Статья посвящена изучению истоков законодательной власти в истории учения о государстве и праве. Показано формирование идеи права, раскрыто соотношение понятий «закон» и «справедливость», «закон» и «право» с древнейших времен по новейший период. В сравнительном аспекте рассмотрены некоторые вопросы о становлении и развитии законодательной власти (порядок, условия и функционирование) в различных странах и в Казахстане на современном этапе. С позиции новых подходов выделены роль и значение законодательной власти в регулировании наиболее важных общественных отношений. Освещены дискуссионные вопросы о понятии закона как средства правовой организации жизни общества. Представлены виды законов и освещено влияние множества факторов общественного развития на характер современного законодательства.

G.Z.Kozhahmetov, A.T.Otarbaeva

#### The sources of legislative power

This article is devoted to the study of the sources of legislative power in history of government and right, formation of the idea of right, concept correlation of law and justice law and right from ancient times to nowadays. In the aspect of comparison some points of legislative power becoming and development (order, terms and function) in different countries and Kazakhstan at modern stage are considered. From the position of new approaches role and meaning of legislative power in regulation of the most important social relations was considered. Discussion questions about the notion of law as the means of legal organization of society Life, types of laws and influence of various social development factors upon the character of modern legislation were highlighted.

#### References

- 1 *Parliament — legislative power of Kazakhstan*, edit. A.A.Taranov, Almaty: Zhety zhargy, 1995, p. 5.
- 2 Abdildin S. *Parliament of Kazakhstan: From Union towards Unity...*, Almaty: Kazakhstan, 1993, p. 65.
- 3 Zimanov S.Z. *Constitution and Parliament of Republic of Kazakhstan*, Almaty: Zhety zhargy, 1996, p. 31.
- 4 Mukhamedzhanov E.B. *Parliament of Republic of Kazakhstan and legislative bodies of foreign countries (general questions)*, Almaty: Baspа, 1997, p. 56.
- 5 Sairov Ye. *Eurasian Community*, 2000, 4, p. 34.
- 6 Abdykarimov O. *Juridical newspaper*, 2012, 15, p. 3.